**Инвестициялық портфельді басқарушылардың жылдық қаржылық есеп беру тәртібі, нысандары және ұсыну мерзімдері туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 168 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 18 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 3365. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2009 жылғы 25 мамырдағы N 49 қаулысымен.

*Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.05.25* N 49 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Инвестициялық портфельді басқарушы (бұдан әрі - басқарушылар) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға (бұдан әрі - уәкілетті орган) жыл сайын мыналар кіретін шоғырландырылмаған (шоғырландырылған) жылдық қаржылық есепті берсін:

1) 1-нысан бойынша жасалған, шоғырландырылмаған бухгалтерлік баланс ( шоғырландырылған бухгалтерлік баланс) (осы қаулының 1-қосымшасы);

2) 2-нысан бойынша жасалған, пайдалар мен зияндар туралы шоғырландырылмаған есеп (кірістер мен шығыстар туралы шоғырландырылған есеп) (осы қаулының 2-қосымшасы);

3) 3-нысан бойынша жасалған, ақша қаражаты қозғалысы туралы шоғырландырылмаған есеп (ақша қаражаты қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп) (осы қаулының 3-қосымшасы);

4) 4-нысан бойынша жасалған, капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылмаған есеп (капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп) (осы қаулының 4-қосымшасы);

5) толтырылуы жөнінде осы қаулының 5-қосымшасында белгіленген талаптарға сәйкес жасалған, шоғырландырылмаған (шоғырландырылған) жылдық қаржылық есепке түсіндірме жазба.

Еншілес және қауымдасқан ұйымдары болмаған кезде басқарушы аудиторлық ұйым растаған шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есепті ғана ұсынады.

Басқарушы шоғырландырылмаған және шоғырландырылған жылдық қаржылық есепті ұсынған кезде аудиторлық ұйым растамасы тек

шоғырландырылған жылдық қаржылық есеп үшін ғана талап етіледі.

Басқарушы есепті жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 желтоқсан аралығындағы кезең үшін шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есепті есепті жылғы қаржылық есепке жүргізілген аудит нәтижелері жөніндегі аудиторлық есеппен келесі есепті жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей ұсынады.

*Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2007.04.30.* N 44 *(мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

2. Басқарушылар:

1) шоғырландырылмаған (шоғырландырылған) жылдық қаржылық есепті уәкілетті органға электрондық тасымалдауышта және қағазға басып ұсынуды қамтамасыз етсін;

2) еншілес және қауымдасқан ұйымдарының халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес шоғырландырылған негізде жасалған жылдық қаржылық есебінің жұмыс кестелерін және тиісті нысандарын қоса берсін.

*Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2007.04.30.* N 44 *(мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

3. Осы қаулы 2005 жылғы 1 ақпаннан бастап қолданысқа енеді.

4. Бухгалтерлік есеп департаменті (Шалғымбаева Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, инвестициялық портфельді басқарушыларға, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігіне және Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығына жіберсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Н.Қ. Абдулинаға жүктелсін.

*Ұлттық Банк Төрағасы*

"Келісілді"
Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығы мен қаржы
ұйымдарын реттеу және

қадағалау агенттігінің Төрағасы

2004 жылғы "____" ________

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 168 қаулысына 1-қосымша

*Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2007.04.30.* N 44 *(мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

1-нысан

**Бухгалтерлік баланс**

______________________________________________

(инвестициялық портфельді басқарушының толық атауы)

200____ жылғы " ___" ____________ жағдай бойынша

(мың қазақстандық теңгемен)

| Баптардың атауы | Ескерту | Есепті жылдың соңында | Өткен жылдың соңында |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Активтер | | | |
| Негізгі құрал-жабдықтар (амортизацияны шегергенде) | | | |
| Материалдық емес активтер (амортизацияны шегергенде) | | | |
| Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер | | | |
| Инвестициялық жылжымайтын мүлік | | | |
| Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар | | | |
| Дебиторлық берешек (ықтимал ысырапқа арналған резервтерді шегергенде) | | | |
| Өтелгенге дейін ұсталатын бағалы қағаздар (ықтимал ысырапқа арналған резервтерді шегергенде) | | | |
| Сатуға арналған қолда бар бағалы қағаздар (ықтимал ысырапқа арналған резервтерді шегергенде) | | | |
| Мерзімі ұзартылған салықтық талап | | | |
| Басқа да активтер | | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша бюджетке қойылатын талаптар | | | |
| "Кері РЕПО" операциясы | | | |
| Туынды қаржы құралдары | | | |
| Сауда бағалы қағаздары (ықтимал ысырапқа арналған резервтерді шегергенде) | | | |
| Орналастырылған салымдар (болуы ықтимал шығындар резервін шегеруімен) | | | |
| Ақша және ақша баламалары | | | |
| Активтердің жиынтығы: | | | |
| | | | |
| Капитал | | | |
| Жарғылық капитал | | | |
| Сыйлықақылар (қосымша төленген капитал) | | | |
| Алынған капитал | | | |
| Резервтік капитал | | | |
| Басқа да резервтер | | | |
| Бөлінбеген пайда (өтелмеген шығын) | | | |
| оның ішінде: | | | |
| есепті жылдың | | | |
| өткен жылдардың | | | |
| Капитал жиынтығы: | | | |
| | | | |
| Азшылық үлесі | | | |
| | | | |
| Міндеттемелер | | | |
| Алынған заемдар | | | |
| Кредиторлық берешек | | | |
| Бағалау міндеттемелері | | | |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | | | |
| Мерзімі ұзартылған салықтық міндеттеме | | | |
| Акционерлермен акциялар бойынша есеп айырысу бойынша есептелген шығыстар | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Қызметкерлермен есеп айырысу бойынша есептелген шығыстар | | | |
| Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша бюджет алдындағы міндеттеме | | | |
| "РЕПО" операциясы | | | |
| Туынды қаржы құралдары | | | |
| Басқа да міндеттемелер | | | |
| Міндеттемелер жиынтығы: | | | |
| | | | |
| Капитал және міндеттемелер жиынтығы | | | |

Бірінші басшы: __________________ күні___________________
Бас бухгалтер ___________________ күні___________________
орындаушы: ______________________ күні___________________
телефон:__________________
Мөр орны

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2004 жылғы 15 желтоқсандағы
N 168 қаулысына 2-қосымша

*Ескерту. 2-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2007.04.30.* N 44 *(мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

2-нысан

**Пайдалар мен зияндар туралы есеп**

________________________________________________________

(Инвестициялық портфельді басқарушының толық атауы)

200____ жылғы "___" ____________ жағдай бойынша

(мың қазақстандық теңгемен)

| Баптардың атауы | Ескерту | Есепті жылда | Өткен жылда |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Негізгі қызметтен сыйақы түріндегі кірістер | | | |
| Ағымдағы шоттар және орналастырылған салымдар бойынша сыйақы түріндегі кірістер | | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы (купон және/немесе дисконт) түріндегі кірістер | | | |
| Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан кірістер (шығындар) (нетто) | | | |
| Сауда бағалы қағаздары құнының өзгеруінен кірістер (шығындар) ( нетто) | | | |
| "Кері РЕПО" операциялары бойынша кірістер | | | |
| Шетел валютасын қайта бағалаудан кірістер (шығындар) (нетто) | | | |
| Қаржылық емес активтерді сатудан және активтерді алудан кірістер | | | |
| Басқа да кірістер | | | |
| Кірістер жиынтығы | | | |
| | | | |
| Комиссиялық шығыстар | | | |
| Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы (сыйлықақы) түріндегі шығыстар | | | |
| Шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түріндегі шығыстар | | | |
| "РЕПО" операциялары бойынша шығыстар | | | |
| Алынған заемдар және қаржылық жалдау бойынша сыйақы түріндегі шығыстар | | | |
| Жалпы әкімшілік шығыстар | | | |
| Қаржылық емес активтерді сатудан және активтерді өткізуден шығыстар | | | |
| Басқа да шығыстар | | | |
| Шығыстар жиынтығы | | | |
| | | | |
| Резервтерге (провизияларға) аударылғанға дейінгі пайда (шығын) | | | |
| | | | |
| Операциялар бойынша ықтимал шығындарға арналған резервтер (резервтерді қалпына келтіру) | | | |
| Басқа заңды тұлғалардың капиталына қатысудан кіріс | | | |
| Кезеңдегі пайда (зиян) | | | |
| Тоқтатылған қызметтен пайда (зиян) | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Салық салынғанға дейінгі пайда (шығын) | | | |
| | | | |
| Корпоративтік табыс салығы | | | |
| | | | |
| Салық салынғаннан кейінгі таза пайда (шығын) | | | |
| | | | |
| Азшылық үлесі | | | |
| | | | |
| Кезең ішіндегі таза пайда (шығын) | | | |

Бірінші басшы: __________________ күні___________________
Бас бухгалтер ___________________ күні___________________
орындаушы: ______________________ күні___________________
телефон:__________________
Мөр орны

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2004 жылғы 15 желтоқсандағы
N 168 қаулысына 3-қосымша

*Ескерту. 3-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2007.04.30.* N 44 *(мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

3-нысан

_______________________________________________________
(Инвестициялық портфельді басқарушының толық атауы)
200_ жылғы "___" _______ жағдай бойынша
**ақша қаражаты қозғалысы (жанама әдіс) туралы есеп**
(мың қазақстандық теңгемен)

| Баптардың атауы | Ескерту | Есепті жылда | Өткен жылда |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Операциялық қызметке байланысты ақша түсімдері және төлемдері | | | |
| Салық салынғанға дейінгі таза пайда (шығын) | | | |
| Ақшалай емес операция баптарына түзетулер: | | | |
| оның ішінде: | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| амортизациялық аудару және тозу | | | |
| ықтимал ысырапқа арналған резервтер бойынша шығыстар | | | |
| шетел валютасымен операциялар бойынша бағамдық айырма түріндегі жұмсалмаған кірістер мен шығыстар | | | |
| алатын сыйақы түріндегі есептелген кірістер | | | |
| сыйақы төлеу шығыстары | | | |
| ақшалай емес баптарға басқа да түзетулер | | | |
| Операциялық активтер мен міндеттемелер өзгергенге дейінгі операциялық кіріс (шығын) | | | |
| Операциялық активтердегі (ұлғаю) азаю: | | | |
| ұзақ мерзімді дебиторлық берешектің (ұлғаюы) азаюы | | | |
| Сатуға арналған қолда бар бағалы қағаздардың (ұлғаюы) азаюы | | | |
| болашақ кезеңдер шығыстарының (ұлғаюы) азаюы | | | |
| қысқа мерзімді дебиторлық берешектің (ұлғаюы) азаюы | | | |
| "Кері РЕПО" операцияларының (ұлғаюы) азаюы | | | |
| сауда бағалы қағаздарының (ұлғаюы) азаюы | | | |
| орналастырылған салымдардың (ұлғаюы) азаюы | | | |
| басқа да активтердің (ұлғаюы) азаюы | | | |
| Операциялық міндеттемелердің ұлғаюы (азаюы): | | | |
| ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің ұлғаюы (азаюы) | | | |
| болашақ кезеңдер кірістерінің ұлғаюы (азаюы) | | | |
| қысқа мерзімді кредиторлық берешектің ұлғаюы (азаюы) | | | |
| "РЕПО" операцияларының ұлғаюы (азаюы) | | | |
| Басқа да міндеттемелердің ұлғаюы (азаюы) | | | |
| Операциялық қызметтен ақшаның ұлғаюы (азаюы) | | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | |
| Корпоративтік табыс салығы | | | |
| | | | |
| Операциялық қызметтен ақшаның салық салынғаннан кейінгі ұлғаюы (азаюы) | | | |
| Инвестициялық қызметке байланысты ақша түсімдері мен төлемдер | | | |
| Өтелгенге дейін ұсталатын бағалы қағаздарды сатып алу (сату) | | | |
| Негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтерді сатып алу | | | |
| Негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтерді сату | | | |
| Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар | | | |
| Басқа да түсімдер мен төлемдер | | | |
| Инвестициялық қызметтен ақшаның ұлғаю (азаю) жиынтығы | | | |
| | | | |
| Қаржылық қызметке байланысты ақша түсімдері мен төлемдер | | | |
| Акциялар шығару | | | |
| Борыштық бағалы қағаздарды шығару | | | |
| Акцияларды және қатысу үлестерін алу немесе өтеу | | | |
| Алынған заемдар | | | |
| Акциялар бойынша дивидендтер төлеу | | | |
| Басқа да түсімдер мен төлемдер | | | |
| Қаржылық қызметтен ақшаның ұлғаю (азаю) жиынтығы | | | |
| | | | |
| Есепті кезеңдегі ақшаның таза ұлғаю (азаю) жиынтығы | | | |
| Кезең басындағы ақша және ақша баламалары қалдығы | | | |
| Кезең соңындағы ақша және ақша баламалары қалдығы | | | |

Бірінші басшы: ___________________ күні____________________

Бас бухгалтер ____________________ күні____________________

орындаушы: ______________________ күні___________________
телефон:__________________
Мөр орны

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2004 жылғы 15 желтоқсандағы
N 168 қаулысына 4-қосымша

*Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2007.04.30.* N 44 *(мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

4-нысан

_______________________________________________________
(инвестициялық портфельді басқарушының толық атауы)
200_ жылғы "___" _______ жағдай бойынша
капиталындағы өзгеріс туралы есеп
(мың Қазақстан теңгесімен)

| | Бас ұйымның капиталы | | |
|---|---|---|---|
| | Жарғылық капитал | Резервтік капитал | Басқа да резервтер |
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Алдыңғы кезең басындағы сальдо | | | |
| Есеп саясатындағы өзгерістер және қателерді түзету | | | |
| Өткен кезең басында қайта саналған сальдо | | | |
| Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау | | | |
| Сатуға арналған қолда бар бағалы қағаздар құнының өзгеруі | | | |
| Ақша ағындарын хеджирлеу | | | |
| Басқа да операциялардан пайда (зиян) | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | |
| Капиталдың өзінде тікелей танылған пайда (зиян) | | | |
| Кезеңдегі пайда (зиян) | | | |
| Кезеңдегі барлық пайда (зиян) | | | |
| Дивидендтер | | | |
| Акциялар эмиссиясы (құрылтайшылардың салымдары және пайлары) | | | |
| Сатып алынған акциялар (құрылтайшылардың салымдары және пайлары) | | | |
| Ішкі аударымдар | | | |
| оның ішінде: | | | |
| Негізгі құрал-жабдықтарды жинақталған қайта бағалаудың өзгеруі | | | |
| резервтік капиталды қалыптастыру | | | |
| Басқа да операциялар | | | |
| Есепті кезең басындағы сальдо | | | |
| Есеп саясатындағы өзгерістер және қателерді түзету | | | |
| Есепті кезең басында қайта саналған сальдо | | | |
| Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау | | | |
| Сатуға арналған қолда бар бағалы қағаздар құнының өзгеруі | | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ақша ағындарын хеджирлеу | | | |
| Басқа да операциялардан пайда (зиян) | | | |
| Капиталдың өзінде тікелей танылған пайда (зиян) | | | |
| Кезеңдегі пайда (зиян) | | | |
| Кезеңдегі барлық пайда (зиян) | | | |
| Дивидендтер | | | |
| Акциялар эмиссиясы (құрылтайшылардың салымдары және пайлары) | | | |
| Сатып алынған акциялар (құрылтайшылардың салымдары және пайлары) | | | |
| Ішкі аударымдар | | | |
| оның ішінде: | | | |
| Негізгі құрал-жабдықтарды жинақталған қайта бағалаудың өзгеруі | | | |
| резервтік капиталды қалыптастыру | | | |
| Басқа да операциялар | | | |
| Есепті кезең соңындағы сальдо | | | |

кестенің жалғасы

| | | Азшылық үлесі | Капитал жиынтығы |
|---|---|---|---|
| Бөлінбеген пайда (өтелмеген зиян) | Барлығы | | |
| 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | | |
| | | | |

"Бас ұйымның капиталы" және "Азшылық үлесі" бағандары шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау кезінде толтырылады.

Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті жасау кезінде немесе еншілес ұйымдар болмаған кезде инвестициялық портфельді басқарушылар 2-6-бағандарды толтырады.

Бірінші басшы ____________________ күні ____________________

Бас бухгалтер _______________________ күні ____________________

Орындаушы ____________________________ күні ____________________

Телефоны ____________________________________

Мөр қоюға арналған орын

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 168 қаулысына 5-қосымша

*Ескерту. 5-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2007.04.30.* N 44 *(мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

**Шоғырландырылмаған (шоғырландырылған) жылдық қаржылық есепке түсіндірме жазбаны толтыру жөніндегі талаптар**

1. Шоғырландырылмаған (шоғырландырылған) жылдық қаржылық есепке түсіндірме жазбаға мыналар кіреді:

1) активтер мен міндеттемелер бойынша есепті кезеңде болған өзгерістер;

2) қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері бойынша есепті кезеңде болған өзгерістер;

3) ақша ағыны бойынша есепті кезеңде болған өзгерістер;

4) капитал бойынша есепті кезеңде болған өзгерістер.

2. Шоғырландырылған жылдық қаржылық есепке түсіндірме жазбада шектелместен мынадай ақпарат ашылады:

1) еншілес және қауымдасқан ұйымдардың тізімі, аффилиирленгендік туралы ақпаратты ашу (қатынастардың сипаты және ауқымы);

2) басқарушылар және олардың еншілес ұйымдары арасындағы өзара қарым-қатынастың сипаты;

3) атын, тіркелген елін немесе орналасқан жерін, оларға қатысу үлесінің мөлшерін, дауыс беретін акцияларының санын көрсете отырып басқа аффилиирленген тұлғалардың тізімі;

4) еншілес ұйымды сатып алудың немесе сатудың есепті және өткен кезеңдердегі қаржылық көрсеткіштерге әсері;

5) еншілес ұйымдарға инвестицияларды есепке алу үшін негізгі басқарушылар жеке жылдық қаржылық есепте пайдаланатын әдіс;

6) қауымдасқан ұйымдарға инвестицияларды есепке алу үшін пайдаланатын әдіс;

7) еншілес ұйымның есебі шоғырландырылған жылдық қаржылық есепке кіргізілмеуінің себептері;

8) шоғырландырылған жылдық қаржылық есептің баптарына субъектілердің есептің осы баптарына қолданатын талаптарының айырмашылықтарынан жасауға болмайтын түзетулер;

9) жекелеген жылдық қаржылық есептердің біріктірілетін, түзетілетін және ауыстырылатын баптары, сондай-ақ шоғырландырудың нәтижесі;

10) азшылық үлесін құрайтын қатысушылардың атауын, олардың еншілес ұйымдардағы үлестерін көрсете отырып, азшылық үлесі туралы ақпарат;

11) есеп субъектілерінің бірлескен қызметке қатысуы туралы ақпарат.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК